



«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы
университет» жалғыз акционердің
14.02.2025ж. № 1 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік
корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік
қоғамының Шымкент қаласы бойынша филиалының
Әл-Фараби аудандық тіркеу және жер
кадастры бөлімі

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОПЫҚТЫРУЛАР
2015 ж. 03. наурыз
БСН
№ 220840031427
Бастапқы тіркелген күні
2012 ж. 17. мамыр

**«ЖҰМАБЕК АХМЕТҰЛЫ ТӘШЕНЕВ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ**

Шымкент қ. 2025 жыл

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік
корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік
қоғамының Шымкент қаласы бойынша филиалының
Әл-Фараби аудандық тіркеу және жер
кадастры бөлімі

ТЕКСЕРІЛДІ

1 ТАРАУ.

1. Жалпы ережелер

1.1. «Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» акционерлік қоғамының Жарғысы (бұдан әрі – Қоғам) оның атауын, тұрған жерін, Қоғамның ұйымдастыру мен қызмет ету құқықтық негіздерін, оның органдарының құрылу реті мен құзыретін, оның қызметінің қайта ұйымдастырылуы мен тоқтатылуы шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

1.2. «Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам/Университет) - «Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің барлық құқықтары мен міндеттемелерінің мирасқоры.

1.3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес білім беру қызметін көрсету үшін құрылған білім беру ұйымы, жоғары оқу орны болып табылады.

1.4. Қоғамның атауы:

1) мемлекеттік тілде

толық: «Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» акционерлік қоғамы; қысқаша: «Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ;

2) орыс тілінде

толық: акционерное общество «Университет имени Жумабека Ахметулы Ташенева», қысқаша: АО «Университет имени Жумабека Ахметулы Ташенева».

1.5. Қоғамның атқару органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Дінмұхамед Қонаев даңғылы, 21 ғимарат, пошта индексі 160012.

1.6. Қоғам өз қызметін іске асыруға қаржы тарту мақсатында акциялар шығаратын, одан түскен табысты Жарғыға сәйкес Қоғамды дамытуға және басқа мақсаттарға пайдаланатын, коммерциялық ұйым болып табылады.

1.7. Қоғамның қызмет мерзімі – шектелмеген.

1.8. Қоғамның ресми веб сайты: tashenev.edu.kz.

2. Қоғамның заңдық мәртебесі

2.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, оның дербес балансы, банк шоттары, өз атауы мемлекеттік және орыс және тілдерінде жазылған мөрі (штампы) бар; өз атынан мүлктік және мүлктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

2.2. Қоғамның өз тауар белгісі және басқа ерекшелік нышаны болуы мүмкін, олардың үлгілері Қоғамның атқарушы органымен бекітіледі және белгіленген тәртіпте тіркеледі.

2.3. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» заңын (бұдан әрі – Заң), 2003 жылғы 2 шілдегі «Бағалы қағаздар нарығы туралы», 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы», 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы», 2011 жылғы 18 ақпандағы «Ғылым туралы», 2015 жылғы 31 қазандағы «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, басқа

ТЕКСЕРІЛДІ

нормативтік-құқықтық актілерін, сонымен қатар осы Жарғыны басшылыққа ала отырып, жүзеге асырады.

2.4. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға, өкілдіктерді құруға құқылы.

3. Қоғам қызметінің мақсаты мен мәні

3.1. Қоғам қызметінің мәні:

1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің бағдарламалары бойынша білім беру, кадрлар даярлау, сондай-ақ іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді қоса алғанда, ғылыми-техникалық, инновациялық қызметті, ғылыми-зерттеу жұмыстары;

2) білім алушыларды тамақтандырумен, тұрумен, медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету;

3) жұмыскерлерді тамақтандырумен, тұрумен, медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету;

4) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

5) спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу;

6) дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру мен өткізу, спорттық және шығармашылық секциялар құру;

7) білім беру процесін, зерттеулерді, тәрбиелік және әлеуметтік-мәдени қызметті қамтамасыз ету үшін баспа және полиграфиялық қызметі;

8) халықаралық және республикалық деңгейдегі түрлі іс-шараларды: білім алушылар мен педагог жұмыскерлер арасында олимпиадалар, жарыстар, конкурстар, конференциялар, семинарлар ұйымдастыру мен оларға қатысу;

9) білім алушыларды запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери қызметке даярлау;

10) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру (кадрлар мен мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру);

11) технополистерді, технопарктерді, бизнес-инкубаторларды, инновациялық орталықтарды, технологияларды коммерцияландыру және трансферттеу орталықтарын, жобалау конструкторлық бюроларын және қызмет бейіні бойынша басқа да құрылымдарды құру;

12) білім мен ғылым жүйесін одан әрі дамытуға және жетілдіруге бағытталған инновациялық әдістерді, оқыту технологиялары мен зерттеулерді әзірлеуге, сынақтан өткізуге және енгізуге қатысу;


13) білім берудің барлық деңгейлері үшін цифрлық интерактивтік білім беру ресурстарын және оқу фильмдерін ұйымдастыру, жасау және дамыту;

14) білім мен ғылымды өндіріспен интеграциялауға қатысу;

15) Қазақстан Республикасының еншілес және басқа да ұйымдары мен шетелдік ұйымдардың қаржы ресурстарын тарта отырып, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, инновациялық және инвестициялық жобаларды ұйымдастыру, қаржыландыру, сондай-ақ білім және ғылым саласындағы жобаларды венчурлік қаржыландырудың тетіктері мен инфрақұрылымын қалыптастыруға қатысу;

16) медициналық қызмет: алғашқы медициналық-санитариялық көмек;

17) Қазақстан Республикасы заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да



қызметтер.

3.2. Қоғамның мақсаты еңбек нарығында бәсекеге қабілетті жоғары білікті мамандарды даярлау; ұлттық, жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға бағытталған сапалы білім алу, оқыту мен білім беруге қажетті жағдай жасау болып табылады.

3.3. Егер жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін уәкілетті органдардың арнайы рұқсаты (лицензиясы) қажет етілсе, Қоғам осы қызмет түрлерін белгіленген тәртіппен тиісті рұқсат (лицензия) алғаннан кейін ғана жүзеге асырады.

4. Қоғам мүлкі

4.1. Қоғамның мүлкі оның қызметін қамтамасыз етуге арналған және оған меншік құқығы тиесілі.

4.2. Қоғамның мүлкі:

- 1) Қоғамның акцияларын төлеуге акционерлер берген мүлік;
- 2) оның қызметі нәтижесінде алынған кірістер;
- 3) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша Қоғамның білім беру қызметін қаржыландыру;
- 4) Қоғамның ғылыми, ғылыми-техникалық қызметін базалық, гранттық және бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру түрінде қаржыландыру;
- 5) жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде эндаумент-қорлардың қайырымдылық жарналары есебінен қалыптастырылады.

4.3. Қоғамның мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім беру қызметін қаржыландыру заңнамада белгіленген тәртіпте жыл сайын тиісті саладағы уәкілетті органмен бір білім алушыға шаққанда белгіленетін норматив негізінде жүзеге асырылады.

4.4. Қоғамның ғылыми және ғылыми-техникалық қызметін базалық, гранттық және бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру түрінде қаржыландыру тиісті саладағы уәкілетті органмен жыл сайынғы норматив негізінде жүзеге асырылады.

4.5. Қоғам қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен банктік кредиттер алуға құқылы.


5. Қоғам акционерінің құқықтары мен міндеттері

5.1. Қоғам акционерлері:

- 1) Заңда және (немесе) қоғамның жарғысында көзделген тәртіппен қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленген кезде, Заңға сәйкес директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуге;
- 3) дивидендтер алуға;
- 4) мыналарды:

талап қою күніне қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жарияланған;

соңғы үш жыл ішінде қайта сұратылған (акционер бұрын сұратқан ақпарат толық көлемде ұсынылған жағдайда);



орындалуы акционер өтініш жасаған күні жүзеге асырылатын мәмілелер туралы ақпаратты қоспағанда, қоғам қызметінің (акционер өтініш жасаған күнге дейінгі үш жылдан астам) өткен кезеңдеріне қатысты ақпаратты қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысы айқындаған немесе қоғамның жарғысында айқындалған тәртіппен қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

5) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

6) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;

7) қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуға;

8) қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, Заңның 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына қоғамның лауазымды адамдарының қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға өтеуі және қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;

9) қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

10) қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

12) акционерлердің жалпы жиналысының Заңда көзделген тәртіппен қоғам акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға;

13) Заңда көрсетілген басқа да құқықтары бар.

5.2. Қоғамның акционері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленген тәртіпте акцияларды төлеуге;

2) осы акционерге тиесілі акцияларды орталық депозитарийге және (немесе) нақтылы ұстаушыға қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он жұмыс күні ішінде хабарлауға;

3) қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

6. Қоғамның Акциялары

6.1. Қоғам тек жай акциялар шығарады.

6.2. Қоғам акцияларын шығару құжатсыз нысанда жүзеге асырылады.

6.3. Орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде саны туралы шешім қоғамның орналастырылатын (сатылатын) акцияларының саны шегінде орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасын Қоғамның Директорлар кеңесі

ТЕКСЕРІЛДІ

кабылдайды.

6.4. Қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеуге Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, ақша, мүлктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа өзге мүлікпен ақы төлеу бағалаушы айқындайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

6.4. Қоғамның акцияларын ұстаушының тізілімдер жүйесін қалыптастыруды, жүргізуді және сақтауды тәуелсіз тіркеуші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

6.5. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу тек орталық депозитарий жүзеге асырады.

6.6. Қоғам өз акцияларының шығарылымын мемлекеттік тіркеуден кейін орналастырады.

6.7. Жай акция акционерлерге Заңға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысы қарауына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын береді. Жай акция сондай-ақ акционерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қоғам таратылған кезде оның мүлкін алуға құқық береді.

7. Қоғамның жарғылық капиталы

7.1. Жарғылық капитал қоғам құрылтайшыларының акцияларды төлеуі арқылы қалыптастырылады.

7.2. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен және негіздер бойынша жүргізілуі мүмкін.

8. Қоғамның табысын бөлу

8.1. Қоғамның таза табысы (кәсіпкерлік қызметті атқаруға байланысты шығындар, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер шегерілгеннен кейінгі) акционерлердің жалпы жиналысында есептік жылдың жылдық қаржылық есеп бекітіліген соң қоғамның иелігінде қалады.

8.2. Қоғамның таза табысы акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешімімен айқындалған тәртіппен, Қоғамның дамуына, оның жұмыскерлеріне жағдай жасауға, дивидендтер төлеуге бөлінеді.


2 ТАРАУ. Қоғам органдарының құрылу тәртібі мен құзыреті

9. Қоғам Органдары

Қоғамның органдары:

- 1) жоғары орган – Акционерлердің жалпы жиналысы (жалғыз акционер);
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма (Ректорат);
- 4) алқалы орган – Ғылыми кеңес;
- 5) қаржы-шаруашылық қызметті бақылауды жүзеге асыратын орган

Қоғамның қызметі – Ішкі аудит қызметі.



10. Акционерлердің жалпы жиналысы

10.1. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Қоғам жыл сайын акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Акционерлердің өзге де жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

Акционерлердің бірінші жалпы жиналысы жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркегеннен және акцияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін қалыптастырғаннан кейін екі ай ішінде шақырылуға және өткізілуге тиіс.

Акционерлердің бірінші жалпы жиналысында қоғамның директорлар кеңесі сайланады.

Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында:

- 1) қоғамның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;
- 2) қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшері анықталады;
- 3) акционерлердің қоғамның және оның лауазымды адамдарының әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе каралады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның акционерлерін Директорлар кеңесі мүшелері мен қоғамның аткарушы органы сыйақысының мөлшері мен құрамы туралы хабардар етеді.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы олар бойынша шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарауға құқылы.

Барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі қоғамда акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда және (немесе) қоғамның жарғысында көзделген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын шешімдерді осындай акционер жеке қабылдайды және жазбаша түрде ресімделуге тиіс.


10.2. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуі тиіс. Есепті кезеңде Қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда көрсетілген мерзім үш айға дейін ұзартылды деп есептеледі.

10.3. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару Кодексін, және деондағы өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) басым сатып алу құқығын қолданбай қоғамның орналастырылатын (өткізілетін) акцияларының немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың тәртібін, шекті мерзімдерін және жалпы санын анықтау;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімі негізінде Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

5) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;



6) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

7) қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

8) бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттарын, мерзімдері мен тәртібін айқындау;

9) акцияларды бөлу туралы шешім қабылдау, осындай бөлудің шарттарын, мерзімдері мен тәртібін айқындау;

10) мемлекеттік емес облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығару туралы шешім қабылдау және оларды шығару шарттарын айқындау;

11) санақ комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

12) Директорлар Кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар Кеңесі мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы және шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

13) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

14) аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

15) есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін бекіту;

16) қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

17) қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

18) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларын құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

19) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлер қоғамының хабарлама нысанын айқындау;

20) қоғам акцияларды осы Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);

21) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

22) акционерлерге қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау, егер мұндай тәртіп қоғамның жарғысында айқындалмаса;

23) "алтын акцияны" енгізу және күшін жою;

24) нәтижесінде құны акционерлік Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдау нәтижесінде оның активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылдау;

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік
корпорациясы коммерциялық емес акционерлік
қоғамының Ішкі есептілік бөлімі бойынша филиалының
Әл-Фараби аудандық тіркеу және жер
кадастры бөлімі

ТЕКСЕРІЛДІ

25) Заңмен және Қоғамның Жарғысымен шешімдерді қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

Акционерлердің жалпы жиналысының 2), 3), 4), 5) және 20) тармақшаларда көрсетілген мәселелер бойынша шешімдері қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілік даусымен қабылданады.

Осы баптың 10) тармақшасында көрсетілген мәселе бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімі қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері, егер заңда және қоғамның жарғысында өзгеше белгіленбесе, дауыс беруге қатысатын қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте (барлық бюллетеньдер берілген күні не сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде бюллетеньдер беру мерзімі аяқталған күні) оған қатысуға құқығы бар акционерлердің тізіміне енгізілген және оған қоғамның дауыс беретін акцияларының жиынтығында елу және одан да көп пайызына иелік ететін акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелген болса, акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қарауға және шешімдер қабылдауға құқылы.

10.4. Қоғамның Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне беру мәселесі егер Қазақстан Республикасының Заңнамасында қарастырылмаса, онда оған жол берілмейді.

10.5. Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы ішкі қызметіне қатысты Жарғыда өзгеше белгіленбеген болса, Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

11. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу тәртібі

11.1. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:

- 1) Директорлар кеңесінің;
 - 2) ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.
- Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау және өткізуі:

- 1) атқарушы органмен;
- 2) қоғаммен жасалған шартқа сәйкес орталық депозитариймен;
- 3) Директорлар кеңесімен;
- 4) қоғамның тарату комиссиясымен жүзеге асырылады.

Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу жөніндегі шығыстарды қоғам көтереді.

Қоғамның органдары акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақырудың Заңда белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, акционерлердің жылдық жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

Егер қоғам органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы қоғамның ірі акционерінің талабын орындамаса, қоғам акционерлерінің

ТЕКСЕРІЛДІ

кезектен тыс жалпы жиналысы оның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

11.2. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректер негізінде орталық депозитариймен жасалады. Аталған тізімді жасау күні жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі керек.

11.3. Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн мен уақыт оған қатысу құқығы бар адамдардың неғұрлым көпшілігі жиналысқа қатыса алатындай етіп белгіленуге тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысы, шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын акционерлердің жалпы жиналысын қоспағанда, атқарушы орган орналасқан жердегі елді мекенде өткізілуге тиіс. Жиналысқа қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты мен жиналысты өткізу уақыты қоғамның есеп комиссиясына қатысушыларды тіркеуді, санын есептеуді және оның кворумын айқындауды жүргізуге жеткілікті уақытты қамтамасыз етуге тиіс.

Қоғам акционерлері қатысу тәртібімен өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысының отырысына қоғамның ішкі құжаттарында айқындалған ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып қашықтан қатысуға құқылы.

11.4. Акционерлерге алдағы уақытта акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күннен - күнтізбелік отыз күн бұрын, ал өткізу кезінде бір немесе одан көп акционерді хабардар ету үшін пошта байланысы құралдары пайдаланылатын сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында күнтізбелік қырық бес күн бұрын хабарлануға тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама, егер қоғам акционерлерінің саны 50 адамнан аспаса, қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде немесе жариялануға акционерге жазбаша хабарлама жолдау арқылы қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда жеткізіледі.

Акционерлердің қайталама жалпы жиналысын өткізу акционерлердің бастапқы (өткізілмеген) жалпы жиналысын өткізудің белгіленген күнінен кейінгі күннен кешіктірілмей тағайындалуы мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізбесін қамтуға тиіс.

11.5. Қатысу тәртібімен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысын ашу кезінде Директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту жөнінде алған ұсыныстары туралы баяндауға міндетті.

11.6. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту қоғамның жиналыста ұсынылған дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

11.7. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібіне:

1) Қоғамның акционерлеріне толықтырулар туралы жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірмей хабарланған жағдайда, қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер немесе директорлар кеңесі

ТЕКСЕРІЛДІ

ұсынған толықтырулар;

2) егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және қоғамның дауыс беретін акцияларының кемінде тоқсан бес пайызын жиынтығында иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі енгізілуіне дауыс берсе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

11.8. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы емес.

Күн тәртібінде "әртүрлі", "өзге", "басқа" және оларға ұқсас тұжырымдарды қоса алғанда, кең түсінікпен тұжырымдарды қолдануға тыйым салынады.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдауға қажетті көлемде ақпаратты қамтуға тиіс.

Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысы Заңға, Жарғыға және ішкі қызметін реттейтін Қоғамның өзге де құжаттарына не акционерлердің жалпы жиналысының тікелей шешіміне сәйкес айқындалады.

Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (акционерлердің өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхат ұсынуға тиіс.

Шешімдері аралас дауыс беру арқылы қабылданатын акционерлердің жалпы жиналысының кворумын анықтау кезінде сырттай дауыс берген акционерлердің (акционерлер өкілдерінің) бюллетеньдері ескеріледі.

Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысына келген Акционер (акционердің өкілі) тіркелуге міндетті.

Тіркеуден өтпеген Акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқысы жоқ.

Егер қоғамның жарғысында немесе акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының шешімінде өзгеше белгіленбесе, оған шақырусыз өзге тұлғалар қатыса алады. Мұндай тұлғалардың акционерлердің жалпы жиналысында сөз сөйлеу құқығы қоғамның жарғысында немесе акционерлердің жалпы жиналысының шешімінде белгіленеді.


Егер бұрын дауыс беру үшін бюллетень жіберген акционер аралас дауыс пайдаланылатын акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру үшін келген болса, оның бұрын жіберілген бюллетені акционерлердің жалпы жиналысының кворумын айқындау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды санау кезінде есепке алынбайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады.

Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабардар етілген және жиналыстың ашылу уақытының өзгеруіне қарсы емес білдірмеген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысы хабарланған уақыттан бұрын ашыла алмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасы (Төралқасы) мен хатшысын сайлайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді. Егер қоғамның жарғысында өзгеше көзделмесе, акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (төралқасын) және



хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционердің бір дауысы болады, ал шешім қатысушылар санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

Жиналысқа қатысушы акционерлердің барлығы атқарушы органға кіретін жағдайларды қоспағанда, атқарушы органның мүшелері акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қаралып отырған мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.

Төрағаның күн тәртібі мәселесін талқылауға қатысуға құқығы бар адмдардың сөз сөйлеуіне, мұндай сөз сөйлеу акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкеп соқтыратын немесе осы мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, кедергі жасауға құқығы жоқ.

Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысындағы үзіліс туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелерді қарауды келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялануы мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығына жауап береді.

Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде (акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде барлық бюллетеньді ұсыну күні не бюллетеньдерді ұсыну мерзімі аяқталған күні) оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп процентін иеленген акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелсе, жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

12. Қоғамның директорлар Кеңесі

12.1. Қоғамның директорлар Кеңесі Заңмен және осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

12.2. Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау және қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу нысанын айқындау;

4) Заңның 18-бабы 1-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау);

корпорациясы коммерциялық емес акционерлік
қоғамының Шымкент қаласы бойынша филиалының
Әл-Фараби аудандық тіркеу және жер
қайыраты бөлімі

ТЕКСЕРІЛДІ

5) қоғамның акцияларын немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдау;

6) қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

7) қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

8) директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

9) қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

10) атқарушы органның сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

11) атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;

12) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

13) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

14) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

15) қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

16) қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

17) қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;

18) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

19) қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;

20) қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

21) жасасу туралы шешім Заңның 36-бабы 1-тармағының 17-1) тармақшасына және 73-бабының 3-1-тармағына сәйкес қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасауға қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

ТЕКСЕРІЛДІ

22) Қоғамның әкімшілік шығындарына, оның ішінде еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру тәртібі бойынша мониторинг жүргізу және бақылауды ұйымдастыру;

23) профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарына конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту;

24) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына қабылдау қағидаларын бекіту;

25) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқу үшін ақы төлеу мөлшерлерін бекіту;

26) білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың нысанын және оларды толтыруға қойылатын талаптарды бекіту;

27) академиялық құрылымдық бөлімшелерді құру және тарату туралы шешімдерді қабылдау;

28) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының эндаумент-қорын құру туралы шешім қабылдау;

29) шет мемлекеттерде Қоғамның филиалдарын құру туралы шешім қабылдау

30) Басқарма Төрағасы мен Қоғам Ректоры қойған мәселелер бойынша осы Жарғыға сәйкес шешім қабылдау;

31) Қоғам ақшалай қаражатын ұтымды пайдалануы мақсатында Қоғамның, сонымен бірге еншілес ұйымның қаржылық және шаруашылық қызметінің ішкі нормативтерін бекіту;

32) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеуден өтетін, мемлекеттік, орыс және ағылшын тіліндегі штамптарды тауар белгісі мен символикасын,

33) Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын, Заңда және Қоғамның Жарғысында көзделген өзге де мәселелер.

12.3. Директорлар Кеңесінің Қоғамның Жарғысына сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.


12.4. Қоғамның директорлар Кеңесі мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы тиіс. Директорлар Кеңесі мүшелері санының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс. Басқарма Төрағасынан басқа мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды.

12.5. Директорлар Кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында тиісті жұмыс тәжірибесі, іскерлік және/немесе салалық ортада акционерлер мен қоғамның жалпы жиналысының мүддесі үшін Директорлар кеңесінің міндеттерін орындау және тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті білімі, біліктілігі және оң жетістіктері болуы тиіс.

12.6. Директорлар кеңесі:

1) мүдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға

2) қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға міндетті.



12.7. Директорлар Кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған тек директорлар Кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

12.8. Егер Қоғамның Жарғысында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелері арасынан Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

12.9. Директорлар Кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі атқарады.

12.10. Директорлар Кеңесінің отырыстары тоқсанына кемінде бір рет шақырылады.

12.11. Қазақстан Республикасының Заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен директорлар Кеңесінің төрағасы:

1) Қоғамның директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
2) Қоғамның директорлар Кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді, отырыстарда хаттама жүргізуді ұйымдастырады, хаттамаға қол қояды;

3) Заңнамаға, осы Жарғыға және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

12.12. Директорлар Кеңесінің отырысы директорлар Кеңесі Төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша немесе:

- 1) Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

12.13. Директорлар Кеңесінің отырысын шақыру туралы талап директорлар Кеңесінің Төрағасына директорлар Кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

12.14. Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы көрсетілген талаппен Басқармаға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

12.15. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.

12.16. Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты ұсынған тұлғаның міндетті түрде шақырылуымен өткізіледі.

12.17. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламалар отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қоса бере отырып, отырыс өткізілетін күнге дейін жеті күнтізбелік күннен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

12.18. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны, оның күн тәртібі туралы мәліметтер болуға тиіс.

12.19. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі отырысқа қатыса алмайтын немесе видео-конференц байланысы арқылы күн тәртібі бойынша қатыса алмайтын жағдайда, күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы дауыс бере алады.

12.20. Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамның басқармасына оның Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы туралы алдын ала

ТЕКСЕРІЛДІ

хабардар етуге міндетті.

12.21. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворумы Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысын құрайды және Директорлар кеңесі мүшелерінің қатыспағаны (олардың жазбаша түрде немесе ЭЦП кілтін пайдалана отырып, электронды түрде берілген дауыстары болған кезде) ескеріле отырып айқындалуы мүмкін.

12.22. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны алдыңғы тармақта белгіленген кворумға жету үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) туралы мәселені шығаруға міндетті.

12.23 Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқаша көзделмесе, отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

12.24. Дауыстар саны тең болған жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесі отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

12.25. Ірі мәмілелер мен жасауға Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешім (осы Жарғының 12 бап 21 тарм.) Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының жартысынан кемін құраса, оны жасасу туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.

12.26. Қоғамның нәтижесінде құны Қоғамға активтерінің құнының 25% - ынан (жиырма бес пайызынан) асатын мүлікті Қоғам иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені жасауы қажет болған жағдайда акционерлерге алдын ала келісу үшін Директорлар кеңесі барлық қажетті құжаттарды міндетті түрде жібереді.

12.27. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.


Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесін шақыруға бастамашылық жасауға құқығы бар тұлғалардың бастамасы бойынша өткізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап Директорлар Кеңесінің төрағасына (ал ол сырттай дауыс беруді өткізуден бастартқан жағдайда – Ректоратқа) жазбаша түрде беріледі және дауыс беруге қойылған нақты және біркелкі тұжырымдалған сұрақ (тарды) қамтуы керек.

Директорлар Кеңесі отырыстарының сырттай шешімдері жазбаша түрде рәсімделіп, Директорлар Кеңесінің хатшысы мен төрағасының қолдары жеті күнтізбелік күнде қойылу керек.

Қоғам қызметіндегі аса маңызды, түйінді, стратегиялық мәселелері бойынша шешімдерді сырттай дауыс беру арқылы қарауға және қабылдауға жол берілмейді.

12.28. Директорлар кеңесінің ашық тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімдер хаттама түрінде рәсімделеді. Хаттама отырыс өткізілген күннен бастап үш күн ішінде жасалуы және оған төрағалық еткен тұлға мен Директорлар кеңесінің Корпоративтік хатшысы қол қоюы тиіс және сондай-ақ ол мына мәліметтерді қамтиды:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізу күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;



- 4) отырыстың күн тәртібі;

5) дауыс беруге қойылған мәселелер және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

- 6) қабылданған шешімдер;

7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

12.29. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары мен шешімдері, сондай-ақ қол қойылған бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер) Қоғамда сақталады.

12.30. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және /немесе оған Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолымен және Қоғам мөрімен расталған хаттамадан үзінді-кошірмені және шешімдерді беруге міндетті.

12.31. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның жарғысында белгіленген тәртіпті бұза отырып, сотқа шағымдануға құқылы.

12.32. Акционерлер, егер шешіммен Қоғамның және (немесе) акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған болса, Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғам Жарғысының талаптарын бұза отырып қабылданған Директорлар кеңесінің шешіміне сот тәртібімен шағым жасауға құқылы.

12-1. Директорлар кеңесінің комитеттері

Аса маңызды мәселелерді карау және Директорлар кеңесінің ұсынымдарын дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесі анықтайтын қызмет бағыттары бойынша Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:

- 1) стратегиялық жоспарлау;

- 2) кадрлар және сыйақылар;

- 3) ішкі аудит;

- 4) әлеуметтік мәселелер;

- 5) қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

Директорлар кеңесінің жеке комитеті қарайтын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, осы тармақтың бірінші бөлігінде санамаланған мәселелерді қарау директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіптік білімі бар сарапшылардан тұрады.

Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Тәуелсіз директорлар функцияларына осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 1) - 4) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау кіретін директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) болып табылады.

Атқарушы органның басшысы директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

ТЕКСЕРІЛДІ

Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитет тек қана директорлар кеңесінің мүшелерінен тұруға тиіс.

Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

Директорлар кеңесімен, тиісті бейіндік комитеттің отырысында алдан-ала қарауынсыз, Директорлар кеңесімен қаралуға болмайтын сұрақтар тізімін айқындайды.

Егер де Директорлар кеңесі шешімінің жобасы бейіндік комитеттің оң қорытындысын алмаған жағдайда, мұндай шешім Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының білікті көпшілігімен ғана қабылдануы мүмкін.

13. Қоғам Басқармасы

13.1. Қоғамның ағымдағы қызметін басқаруды Қоғамның атқарушы органы – Басқарма жүзеге асырады. Қоғам Басқармасын Басқарма Төрағасы басқарады.

13.2. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және осы Жарғыда Қоғамның басқа органдарының және оның лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы, оның ішінде:

1) Қоғамның ұйымдастыру құрылымы мен штаттық санын әзірлейді және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынады;

2) Директорлар кеңесі бекіткен штаттық санын ескере отырып, Қоғамның штаттық кестесін бекітеді;

3) Қоғамның барлық қызметкерлері орындауға міндетті шешімдер шығарады және нұсқаулар береді;

4) Директорлар кеңесі бекітетін құжаттарға жатпайтын, Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді;

5) Қоғамның даму жоспарын және оның орындалуы туралы есептерді әзірлейді және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынады;

6) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

7) Қоғамға тиесілі барлық активтердің он пайызына дейінгі мөлшерде активтердің бір бөлігі мен бірнеше бөліктерін беру арқылы Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысу туралы шешімдер қабылдайды;


8) Ғылыми кеңестің шешімі негізінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын бекіту;

9) Акционерлердің жалпы жиналысының және Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметін қамтамасыз етудің өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

10) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мазмұнын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес келетін талаптармен дербес анықтау.

13.3. Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

13.4. Басқарма мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындауы және Қоғам мен оның акционерлерінің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін тәсілдерді пайдалануы тиіс.



13.5. Басқарма мүшесінің өзге де функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, сондай-ақ еңбек шартымен анықталады. Қоғам атынан Басқарма Төрағасы еңбек шартына Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша уәкілетті тұлға қол қояды. Басқарма мүшелерімен еңбек шартына Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Басқарма Төрағасы қол қояды.

13.6. Басқарма мүшесі басқа ұйымдарда Директорлар Кеңесінің келісімімен
жұмыс істеуге құқылы.

13.7. Басқарма отырыстарына айына кемінде бір рет шақырылады.

13.8. Басқарма шешімдері қатысып отырған мүшелердің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма Төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

Басқарма отырысы, егер оған Басқарма мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3 қатысса, заңды болып саналады.

13-1. Ректор

Ректор Басқарма мүшесі және Басқарма Төрағасынан кейінгі екінші лауазымды тұлға болып табылады.

Ректор оқу-ғылыми қызметіне басшылық жасайды және Университеттің академиялық саясатына жауап береді.

Ректор:

1) өз қызметі шегінде Университет қызметінің ағымдағы және келешектегі мәселелерін, акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің және Басқарма шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) оқуға қабылдау, ауыстыру және қайта қабылдау ережелерін, оқу процесіне қатысты барлық ережелер мен құжаттарды бекітеді;

3) сенімхатсыз өз құзыретіне жататын сұрақтар бойынша хат алмасуды атқарады, Басқарма Төрағасының келісуімен қол қойылатын, білім саласындағы құзыретті мемлекеттік органдар мен басқа мемлекеттік органдардан басқа ұйымдарға шығыс хаттарға қол қояды;

4) сенімхатсыз Университетті бітіруші түлектерді жұмысқа орналастыру, студенттердің кәсіби практиканы өтуі жөніндегі сұрақтар бойынша сыртқы мекемелермен шарттар түзеді; ПОҚ тәжірибесімен алмасу, студенттерді дуальді оқыту туралы сұрақтар бойынша басқа ЖОО-мен, шет елдердегі ЖОО қоса алғанда, студенттерге жатақханадан орын беру және басқа да сұрақтар бойынша заңды күші жоқ меморандум, келісімдерге қол қояды;

5) сенімхатсыз заңнамамен белгіленген тәртіпте білім беру қызметін көрсету келісімшарттарының стандартты пішінін бекітеді және студенттермен, білім алушылармен стандартты пішінде бекітілген келісімшарттарға қол қояды;

б) білім алушыларды даярлау сапасын, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының, шарт талаптарында көзделген білім алушылардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді;

7) осы Жарғыға және университеттің басқа да ішкі құжаттарына сәйкес қарамағындағы профессорлық-оқытушылық құрамға және өзге де бағынышты қызметкерлерге басшылық жасайды; оларға қатысты тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтар шығарады;

Аззаматтарга арналган үкімет мәмлекеттік қатысты тәртіптік жаза қолдану қорырақтарына қатысты жаңа қағаздар қоғамының Шымкент қаласы бойынша филиалының Әл-Фараби аудандық тіркеу және жер қарастры бөлімі

ТЕКСЕРІЛДІ

8) Басқарма Төрағасының, Директорлар кеңесінің және акционерлер жалпы жиналысының қарауына қажетті материалдар мен ұсыныстарды дайындауды жүзеге асырады;

9) тоқсан сайын, сондай-ақ оқу жылының қорытындысы бойынша стратегиялық жоспар және даму жоспары бойынша қатысушылардың жалпы жиналысы алдында есеп береді;

10) әрбір жартыжылдықтың қорытындысы бойынша білім алушылар мен ата-аналарға (заңды өкілдеріне) атқарылған жұмыс туралы, сондай-ақ білім беру процесін және оқыту жағдайларын жақсарту жөніндегі жұмыс туралы есеп береді;

11) өз құзыреті шегінде материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының ұтымды және үнемді пайдаланылуына қатаң бақылауды жүзеге асырады;

12) сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатты бекітеді, сапа саласындағы бағдарламаларды әзірлеуді және бекітуді қамтамасыз етеді, аккредиттеуден өтуін қамтамасыз етеді;

13) университетте ғылыми-зерттеу жұмысын қамтамасыз етеді;

14) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша хат алмасуды жүзеге асырады;

15) білім беру бағдарламалары немесе даярлау бағыттары бойынша аттестаттау комиссиясын құрады, сондай-ақ жұмыс тәртібі мен оның құрамын айқындайды;

16) тиісті бұйрықтар шығару арқылы студенттерді (білім алушыларды) қабылдауды, ауыстыруды, қайта қабылдауды, оқудан шығаруды, академиялық демалыс беруді жүзеге асырады; тәртіптік жаза қолданады;

17) акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің, Басқарма Төрағасының шешімдерімен, жарғымен және университеттің ішкі құжаттарымен белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады."

14. Басқарма Төрағасы

14.1. Қоғамның ағымдағы қызметін Басқарма Төрағасы басқарады.

14.2. Басқарма Төрағасы Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар Кеңесінің шешімдерін орындайды, қолданыстағы заңнамамен және Қоғамның Жарғысымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

14.3. Басқарма Төрағасы:

1) Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;


2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғамның атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

4) Қоғам жұмыскерлерін қабылдайды, ауыстырады және жұмыстан босатады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады (Заңда, осы Жарғыда белгіленген жағдайларды қоспағанда), Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек және басқа да шарттарды Қоғам атынан жасайды, өзгертеді және бұзады.

5) филиалдар мен өкілдіктердің басшыларын тағайындайды, сондай-ақ оларды атқаратын қызметтерінен босатады;

6) басқару органдары бекіткен ережелерге, Қоғамның штаттық кестесіне



сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының, дербес үстемеақылардың және жалақыларына қосымша ақының мөлшерін, материалдық көмек көрсету тәртібін белгілейді, атқарушы органның, Корпоративтік хатшының және Қоғамның Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлері сыйлықақыларының мөлшерін анықтайды;

7) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды атқарушы орган мүшелерінің біріне жүктейді;

8) атқарушы орган мүшелері арасындағы міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі;

9) Қоғамның жұмыс режимін белгілейді;

10) Қоғамның ағымдағы және перспективалық жоспарларының орындалуын қамтамасыз етеді;

11) Акционерлердің жалпы жиналысының алдында Қоғамның жұмысы үшін жауапты;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесінің алдында есеп береді;

13) Қоғамның банктік және басқа да шоттарын ашады;

14) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, Қоғамның филиалдары (өкілдіктері) туралы ережені қоспағанда, Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

15) Басқарма отырыстарын шақырады және қарау үшін қажетті материалдарды ұсынады;

16) Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданған ішкі құжаттарды бекітеді;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған Қоғамның жоспарларын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

18) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылмен алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастырады және осы жұмысқа жеке жауап береді;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасына және еңбек шартына сәйкес қызметтік және өзге құпия болып табылатын мәліметтерді таратпауға Қоғам жүргізетін ақпараттық қауіпсіздік саясаты үшін дербес жауапты болады;

20) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын қоғам қызметінің өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

21) жыл сайын Стратегиялық жоспар және даму жоспары бойынша басқару органдарының алдында есеп береді, сондай-ақ оқу жылы аяқталғаннан кейін жұртшылықпен, оның ішінде ата-аналармен, білім алушылармен, жұмыс берушілермен, ғылыми-педагогикалық жұртшылық және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен білім беру, ғылыми-зерттеу және тәрбие қызметі мәселелері бойынша, сондай-ақ бюджет қаражатын жұмсау, бюджеттен тыс қаражатты тарту және жұмсау және қаржы-шаруашылық қызметі бойынша есептік кездесулер өткізеді;

22) білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің (жоғары технологиялық ақпараттық-білім беру ортасының, оның ішінде веб-сайт, ақпараттық-білім беру порталы, кредиттік оқыту технологиясын берудің автоматтандырылған жүйесі, ақпараттық-білім беру ресурстарының жиынтығы) Ұлттық білім беру деректер қорымен біріктірілген, кең жолақты және жоғары жылдамдықты интернетке қол жетімділігі бар тармақталған компьютерлік желінің жұмыс істеуін қамтамасыз

ТЕКСЕРІЛДІ

етеді;

23) білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен әкімшілік деректер нысандарының толықтығына, дұрыстығына және уақытылы толтырылуына жауапты болады.

15. Қоғамның лауазымды тұлғалары

15.1. Қоғамның Директорлар кеңесінің және атқарушы органының мүшелері Қоғамның лауазымды тұлғалары болып табылады.

15.2. Атқарушы органның мүшелері:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді Қоғамның және акционерлердің мүдделерін неғұрлым жоғары дәрежеде көрсететін тәсілдерді пайдалана отырып адал орындайды;

2) Қоғам мүлкін жеке мақсатта пайдаланбауға немесе оның осы Жарғыға және Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдаланылуына жол бермеуге тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, қаржылық есептіліктің бухгалтерлік есебі жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етеді;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың ашылуын және берілуін бақылайды;

5) Егер қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде Қоғамда жұмыс тоқтатылған сәттен бастап үш жыл ішінде сақтауға міндетті.

15.3. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғамның Жарғысы және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес хабардарлық, ашықтық негізінде, Қоғам және оның акционерлерінің мүддесінде әрекет етеді;

2) корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз пікір шығарады;

15.4. Қоғамның лауазымды тұлғалары:

- әрқашан өз өкілеттіктерінің шеңберінде әрекет етуге және осындай өкілеттіктерді олар берілген мақсаттарда ғана пайдалануға тиіс.;

- акционерлік қоғаммен және акционерлермен, сондай-ақ басқа да мүдделі тұлғалармен мүдделер қақтығысын тудыруы мүмкін іс-әрекеттерден аулақ болуға тиіс.

- акционерлік қоғамды басқарудағы рөліне байланысты үшінші тұлғалардан ұсынылатын өзі үшін мүліктік (мүліктік емес) игіліктерді қабылдамауы тиіс;

- өз өкілеттігі мен қызметтерін адал және тиісті мұқият орындауға міндетті.

16. Ғылыми кеңес


16.1. Ғылыми кеңес – білім-ғылым мәселелері бойынша сайланбалы алқалы басқару органы.

16.2. Осы Жарғымен және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен Қоғам органдарының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қарау бойынша қабылданған шешімдер ұсынымдық болып есептеледі.

16.3. Ғылыми кеңестің өкілеттік мерзімі – 3 жыл.

Ғылыми кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі қызметінің үлгілік ережелерін, Қоғам жарғысын басшылыққа алады.

16.4. Ғылыми кеңесті Басқарма Төрағасы басқарады.



16.5. Ғылыми кеңестің дербес құрамы Басқарма Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

16.6. Ғылыми кеңес өз құзыреті шегінде келесі қызметтерін жүзеге асырады:

1) ғылыми, оқу, әдістемелік және тәрбие жұмысы бойынша мәселелерді қарастыру және шешім қабылдау;

2) оқу-зертханалық және ғылыми-зертханалық базаны дамытудың перспективалық жоспарын қарастыру;

3) профессорлық-оқытушылық және ғылыми құрамға ғылыми атақтар беру мәселелерін қарастыру; қызметкерлерді, творчестволық ұжымдарды үкіметтік марапаттау мен құрметті атаққа ұсыну;

4) ішкі тәртіп ережелерін қарау және бекіту;

5) оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың барлық мәселелері бойынша шешімдер қабылдау, соның ішінде: Университеттің академиялық саясаты, академиялық саясат қағидалары; білім бағдармалары, студенттерді ақылы білім алу бөлімінен гранттық білім және экстернат түрінде білім алуға ауыстыру;

6) Университеттің Стратегиялық даму жоспарын жүзеге асыруға байланысты мәселелерді қарастыру;

7) Университеттің әлеуметтік теңдік дамуының негізгі мәселелерін қарастыру және шешімін қабылдау;

8) Университеттің өткен оқу жылындағы қызметінің қорытындысын шығару;

9) Университеттің оқу, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмыстары туралы есептерді мерзімді түрде қарау;

10) Университет құрамына кіретін басқа құрылымдық бөлімшелердің қызметі туралы есептерді қарау;

11) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын Қоғам Басқармасына бекіту үшін қарастыру;

12) Университет қызметіне қатысты және ұжымдық шешімді талап ететін басқа да мәселелерді қарастыру.

16.7. Ғылыми кеңестің отырысы бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес айына бір рет өткізіледі.

Қажет болған жағдайда Ғылыми кеңестің отырыстары жоспардан тыс өткізіледі.

16.8. Ғылыми кеңесте талқыланатын мәселелерді дайындауды ұйымдастыру, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау, тәжірибені қорыту және кеңес жұмысының нысандары мен әдістерін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін оның мүшелері қатарынан Басқарма Төрағасының бұйрығымен 3 жыл мерзімге ғалым хатшы тағайындалады.


16.9. Ғылыми Кеңестің отырыстарына материалдарды уақтылы және сапалы дайындау және Ғылыми кеңестің іс-қағаздарын жүргізу жауапкершілігі ғалым хатшыға жүктеледі.

17. Қоғамның ішкі аудит қызметі

17.1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін Ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

17.2. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесі мен Қоғамның Басқармасына сайлана алмайды.

17.3. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және өз



жұмысы туралы есеп береді. Қоғамның ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, құқықтары, жауапкершілігі және жұмыс тәртібі Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы ережемен анықталады.

Қоғам мен Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен, осы Жарғымен, Ішкі аудит қызметі туралы ережемен және еңбек шарттарымен реттеледі.

17.4. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің шешімі бойынша құрылады.

17.5. Ішкі аудит қызметі Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы Ережеге сәйкес оның қаржы-шаруашылық қызметін, Қоғамның атқарушы органы мен құрылымдық бөлімшелерінің іс-әрекеттерін бақылауды жүзеге асыратын Қоғам органы болып табылады. Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережені Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

17.6. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша қорытынды дайындайды.

17.8. Ішкі аудит қызметі қызметкерлерін тағайындау тәртібі, сыйақы мөлшері мен шарттары Қоғамның Директорлар кеңесінде бекітіледі.

3 ТАРАУ. Білім беру үдерісін ұйымдастыру.

18. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

18.1. Университет төмендегі деңгейлер бойынша білім беру бағдармаларын жүргізеді:

- 1) жоғары білім
- 2) жоғары білімнен кейінгі білім

18.2. Университетте келесі білім беру бағдарламалары бойынша дайындық жүргізіледі:

1) Жоғары білім:

1. 6B01101 - Педагогика және психология
2. 6B01201 - Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту
3. 6B01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
4. 6B01401 - Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау
5. 6B01402 - Музыка мұғалімдерін даярлау
6. 6B01403 - Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау
7. 6B01501 - Математика
8. 6B01502 - Физика мұғалімдерін даярлау
9. 6B01503 - Информатика мұғалімдерін даярлау
10. 6B01504 - Химия мұғалімдерін даярлау
11. 6B01507 - Химия-биология мұғалімдерін даярлау
12. 6B01505 - Биология мұғалімдерін даярлау
13. 6B01510 - Биология-география мұғалімдерін даярлау
14. 6B01506 - География мұғалімдерін даярлау
15. 6B01509 - География -Тарих мұғалімдерін даярлау
16. 6B01601 - Тарих мұғалімдерін даярлау
17. 6B01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
18. 6B01704 Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
19. 6B01702 - Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
20. 6B01703- Шетел тілі: екі шетел тілі мұғалімдерін даярлау
21. 6B02101 - Дизайн
22. 6B02121 -Эстрадалық вокал

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2015 жылғы 17-ші қыркүйектегі қаулымен бекітілген білім беру бағдарламаларының тізіміне сәйкес
 Өл-Сараби аудандық білім және жер
 қадестры бөлімі

ТЕКСЕРІЛДІ

23. 6B02111- Сән индустриясы
24. 6B03201 - Кітапхана ісі
25. 6B04101 - Есеп және аудит
26. 6B04102 - Қаржы
27. 6B04103 - Экономика
28. 6B04104 - IT менеджмент
29. 6B04105 -Мемлекеттік және жергілікті басқару
30. 6B04106 -Іскерлік әкімшілік (BBA)
31. 6B04201 - Құқықтану
32. 6B04202 - Бизнес және құқық
33. 6B04203 - Басқарушылық және шаруашылық қызметті құқықтық реттеу
34. 6B05101 - Биология
35. 6B06101 - Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету
36. 6B06112 - Информатика
37. 6B06102 - Ақпараттық жүйелер
38. 6B06103 -Басқарушылық ақпараттық жүйелер

2) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру:

1. 7M01101 - Педагогика және психология
2. 7M01104 -Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық (IP)
3. 7M01104 - (IP) Білім Берудегі Зерттеулер
4. 7M01105 - Оқыту бағдарламаларының дизайны (IP)
5. 7M01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
6. 7M01601 - Тарих педагогтерін даярлау
7. 7M01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау
8. 7M01704 - Өзбек тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау
9. 7M01702 - Орыс тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау
10. 7M01702 - Шетел тілі: екі шетел тілі педагогтерін даярлау
11. 7M04101 - Экономика
12. 7M04105 - Мемлекеттік және жергілікті басқару

19. Университетке қабылдау тәртібі

19.1. Университетке азаматтарды қабылдау және тіркеу Университет «Білім туралы» Заңның 5-бабының 11) тармақшасына сәйкес бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде әзірленген Университетке қабылдау қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

19.2 Университетке жалпы орта, бастауыш кәсіптік (техникалық және кәсіптік), орта кәсіптік және жоғары білімі бар Қазақстан Республикасы азаматтары, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар қабылданады.

19.3. Қазақстан Республикасы азаматтары, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамаларымен, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық келісімшарттармен белгіленген тәртіпте қабылданады.

19.4. Білім алушыларды қабылдау кезінде Университет оны және оның ата-анасын немесе өзге де заңды өкілдерін Жарғымен, білім беру қызметін атқару лицензиясымен және оқуға қабылдау мен оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру тәртібімен таныстыруды реттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

ТЕКСЕРІЛДІ

19.5. Университетке түсушілердің құжаттарын қабылдау, негізгі міндеті оқытудың барлық түрінің білім алушыларының контингентін қалыптастыру болып табылатын, Қабылдау комиссиясы жүргізеді.

19.6 Түсу бойынша жекелеген жеңілдіктерге үміткер адамдарды анықтау үшін Басқарма Төрағасы бұйрығымен конкурстық емтихандар енгізілуі мүмкін.

Талапкерлер үшін жеңілдіктер жыл сайын Басқарманың шешімімен белгіленеді.

19.7. Оқуға түскен тұлғалармен Университеттің уәкілетті органымен бекітілген үлгілі формада келісімшарт түзіледі.

19.8. Білім алушы келесі жағдайларда Университеттен шығарылады:

- 1) өз қалауы бойынша;
- 2) қайтыс болуына байланысты;
- 3) Университеттің ішкі тәртіп ережелерін және Жарғысын бұзғаны үшін;
- 4) басқа оқу орнына ауысуына байланысты;
- 5) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде оқу құнын төлемегені үшін;
- 6) академиялық үлгермеушілігі үшін;
- 7) қорытынды мемлекеттік аттестаттауға жіберілмеген жағдайда;
- 8) академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін, коррупцияны қолдағаны үшін;

9) оқу тәртібін бұзғаны үшін: (Университетпен байланысты жоғалтуы; 60 сағаттан аса себепсіз оқу сабақтарына жүйелі түрде қатыспауы), академиялық демалыстан шықпағаны, шетелдік командировкадан оралмауы (2 аптадан аса);

10) білім алушыны бас бостандығынан айыру немесе оқуды жалғастыру мүмкіндігін жоққа шығаратын басқа жазамен сотталғаны туралы сот үкімі заңды күшіне енген жағдайда;

11) Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген басқа жағдайларда.

Рұқсатсыз оқуды тоқтатқан жағдайда, яғни біржақты білім беру келісімшартын орындаудан бас тартқанда, келісімшарт оқудан шығару туралы бұйрық шыққан күннен бастап бұзылған болып есептеледі. Келісімшартпен белгіленген оқуға ақы төлеу бойынша міндеттемелер осындай бұйрық шыққанға дейін сақталады.


Оқудан шығару құрылымдық бөлімнің басшысының ұсынысы бойынша Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады.

19.9. Білім алушыға қосымша тәртіптік, азаматтық-құқықтық жауапкершілік қолданылуы мүмкін.

19.10. Білім алушы оқудан шығарылғанда Университеттің ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес оқу төлемақысы қайтарылады.

20. Білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі

20.1. Университеттің білім беру қызметі академиялық саясат негізінде жүзеге асырылады, ол білім беру қызметін жоспарлау мен басқару және студентке бағдарланған оқытуды іске асыруға және білім сапасын арттыруға бағытталған оқу процесін тиімді ұйымдастыру бойынша шаралар, қағидалар және рәсімдер жүйесін білдіреді. Академиялық саясат университеттің алдында тұрған басымдықтар мен міндеттерді ескере отырып, білім беру саласындағы қолданыстағы заңнама негізінде әзірленеді және сақталады.



20.2 Университет Мемлекеттік білім беру стандарттары мен кәсіптік стандарттар талаптарына (бар болса) сәйкес жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді. Білім беру бағдарламаларының негізінде оқу жоспарлары (жұмыс оқу жоспарлары, студенттердің жеке оқу жоспарлары) және оқу пәндері бойынша жұмыс оқу жоспарлары (силлабустар) әзірленуде. Оқу жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін Ғылыми кеңес айқындайды.

20.3 ЖЖОКБҰ-ның білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

20.4 Білім беру қызметінің сапасын арттыру мақсатында ЖЖОКБҰ еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG-исиджи) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін құрады және сақталуын қамтамасыз етеді, ол мыналарды қамтиды: сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат; бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту; студентке бағдарланған оқыту, сабақ беру және бағалау; білім алушыларды қабылдау, олардың үлгерімі, тану және сертификаттау; оқытушылар құрамы; оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі; ақпаратты басқару; жұртшылықты хабардар ету; тұрақты мониторинг және бағдарламаларды мерзімді бағалау; сыртқы мерзімді сапаны қамтамасыз ету.

20.4. Оқу процесінің мазмұны мен ұйымдастырылуы оқыту нәтижелеріне назар аударып, мемлекеттік білім беру стандарттарын, білім беру-кәсіптік бағдарламалары және оқу жоспарларын есепке ала отырып, Университетпен дербес айқындалады. Оқу жоспарларын бекіту тәртібін Ғылыми Кеңес айқындайды.

20.5. Университет білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген «Қашықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына» сәйкес қашықтықтан білім беру технологиялары (бұдан әрі – ҚБТ) бойынша оқу процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

20.6. Университет оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру кезінде оқу жұмысының түрлері бойынша уақыт нормаларын, оқу жұмысы, оқыту технологиялары арасында, оның ішінде ҚБТ пайдаланумен сағат көлемінің арақатысынан анықтайды.

20.7. Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстары (курстық, дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік диссертациялар (жобалар) және докторлық диссертациялар) мәтінді пайдалану және басқа тілден аударылған мәтінді пайдаланумен қоса мағынаны (парафраз) өзгертусіз сөйлемдерді және пікірлерді синонимдік ауыстырумен бөтен мәтінді пайдалану (бұдан әрі – бөтен мәтінді пайдалану) нысанына тексеруден өтеді.

20.8. Университет бөтен мәтінді пайдалану нысанына тексерудің ережелерін әзірлейді, бекітеді және сақталуын қамтамасыз етеді.

20.9. Бөтен материалды пайдалануды анықтау жүйелерінде тексерілген дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік диссертациялар (жобалар) және докторлық диссертациялар Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығының базасында сақталады.

20.10. Оқытушылардың және ғылыми қызметкерлердің басылымға шығаруға ұсынылған ғылыми жұмыстарын бөтен мәтінді пайдаланғанын анықтау жүйелерінде тексеруге рұқсат етіледі.

мәтінді пайдаланғанын анықтау
корпоративтік және жеке акционерлік
қоғамының Ғылыми-техникалық сараптама
Филиялының
Әл-Фараби атындағы Ғылым және жер
қайыраты бөлімі

ТЕКСЕРІЛДІ

20.11. Университет оқытушысы білім беру бағдарламалары, оқу бағдарламалары (силлабус) және ең үздік халықаралық білім беру практикасы негізінде оқу әдістерін, оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу тәсілдері мен нысандарын таңдау еркіндігіне ие.

20.12. Университетте оқу сабақтарының келесі түрлері белгіленеді: дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар, бақылау және курстық жұмыстар, сондай-ақ студенттердің өзіндік жұмысы.

20.13. Университетте оқу жұмыстарының басқа да түрлері жүргізілуі мүмкін. Сабақтардың барлық түрлері үшін академиялық сағат ұзақтығы 50 минут болып белгіленеді.

20.14. Университетте оқыту орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Шетелдік мамандарға оқыту тілін таңдау құқығы беріледі.

20.15. Оқу жылы қыркүйек айынан, бейіндік магистратура бағдарламалары бойынша қыркүйек және қаңтар айларынан басталып, академиялық күнтізбеге сәйкес аяқталады.

20.16. Университетте оқу мерзімі-5 жылдан аспайды.

20.17. Оқу мерзімі келесі жағдайларды өзгертілуі мүмкін:

- кейінгі сатының алдыңғы сатысынан алынған білім бейіні сәйкес келмеген жағдайда;
- білім алушы білім беру сатысынан өту тәртібін өзгерткен жағдайда;
- белгілі себептермен таңдаған бағдарламаның оқу жоспарын белгіленген мерзімде орындау мүмкін болмаған жағдайларда өзгертілуі мүмкін.

20.18. Мемлекеттік білім беру стандартында көзделген білім беру-кәсіптік бағдарлама мазмұнының минимумы табысты және толық игерілген жағдайда, оқу мерзімдерін қысқартуға, сонымен қатар, оқу бағдарламаларын мерзімінен бұрын өтуге факультеттер мен кафедралар басшыларының келісімі бойынша жол беріледі.

20.19. Бағдарламаны өткізудің бастапқы белгіленген мерзімдеріндегі барлық өзгерістер білім алушылар мен университет арасындағы шарт бойынша хаттамаларда тіркеледі.


20.20. Кафедра мен факультеттің ұсыныстары негізінде, оқу жоспарын табысты орындаған жағдайда, студент бір мезгілде екі мамандық бойынша білім ала алады.

20.21. Оқу жылының ұзақтығы 10-11 ай, семестр 5-6 ай.

20.22. Бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес, бітіруші курсты қоспағанда, жалпы ұзақтығы кемінде 7 аптаны құрайтын оқу жылы ішінде білім алушыларға 2 реттен кем емес демалыс беріледі. Білім беру-кәсіби келісім-шарттық бағдарламаға сәйкес ерекшеліктерге байланысты семестрлер мен оқу жылының ұзақтығы жалпы алғанда мемлекеттік білім беру процесінің талаптарын орындауды ескере отырып өзгертілуі мүмкін.

20.23. Әрбір білім беру-кәсіптік бағдарлама мамандық бойынша аудиториялық сабақтардың міндетті циклінен өтуді, таңдау бойынша пәндерді зерделеуді, практикадан өтуді, бітіру тарификациялық емтихандарын тапсыруды, бітіру жұмысын дайындауды және қорғауды көздейді.

20.24. Университетте нәсілдік, ұлттық-діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айрықшылықты насихаттауға, милитаристік және халықаралық, құқық пен гуманизмнің жалпы жұрт таныған қағидаттарына қайшы келетін өзге де идеяларды таратуға тыйым салынады.



21. Білім алушылардың білімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізу түрлері мен тәртібі

21.1. Студенттердің оқу үлгерімінің тұрақты мониторингін, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу тәртібін университет өзінің академиялық саясатына және білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың белгіленген баллдық-рейтингтік жүйесіне сәйкес оларды оқуға тапсыру арқылы белгілейді және сақтайды. дәстүрлі бағалау шкаласы және ECTS (иситиэс)

Бұл ретте университет ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне оқу үлгерімінің, аралық және қорытынды аттестаттаудың, студенттердің сабаққа қатысуының ағымдағы мониторингі туралы мәліметтерді енгізеді.

21.2. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау үшін білім беру бағдарламалары немесе даярлау бағыттары бойынша аттестаттау комиссиясы құрылады және оның құрамын Университет белгілейді.

21.3. Қорытынды аттестаттаудан "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған білім алушы "білім беру бағдарламаларының талаптарын орындамаған: диплом жұмысын (жобасын) немесе магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғай алмаған" немесе "білім беру бағдарламаларының талаптарын орындамаған: кешенді емтиханды тапсыра алмаған" деп Ректордың бұйрығымен оқудан шығарылады.

21.4. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасын игергенін растаған және қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыға аттестаттау комиссияның шешімімен тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері немесе маман біліктілігі тағайындалады және қосымшасы бар диплом тегін негізде беріледі.

21.6. Жоғары білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын және үлгерімінің (GPA) орта балы 3,5-тен төмен емес, кезінде оқу пәндері мен оқу қызметінің басқа түрлері бойынша А, А – "өте жақсы", В-, В, В+ - "жақсы" деген қорытынды бағалары бар, сондай-ақ кешенді емтихан және (немесе) диплом жұмысын (жобасын) А, А – "өте жақсы" деген бағаға тапсырған жоғары білім беру бағдарламасы бойынша оқыған білім алушыға үздік диплом (оқытудың қосымша түрлері бойынша бағасын ескермегенде) беріледі.


21.7. Бұл ретте оқудың барлық кезеңі ішінде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсырғаны немесе қайталап тапсырғаны бар білім алушыға үздік диплом берілмейді.

21.8. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын оқып бітірген бітірушілердің тізімі олардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), білім беру бағдарламасы және берілген дипломның нөмірі көрсетіле отырып, ректор қол қойып, бітіру туралы бұйрық шыққаннан кейін бір ай мерзім ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсынылады, сондай-ақ Университет сайтында орналастырылады.

22. Ақылы қызмет көрсетудің тізбесі мен тәртібі

22.1. Мемлекеттік білім гранттарының иегерлерін қоспағанда, университеттің барлық оқу бөлімшелерінде оқу ақылы.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқу үшін ақы төлеу мөлшері білім беру қызметтерін көрсету шартында белгіленеді.



Білім алушылардың оқу үшін ақы төлеу мөлшері мен ақы төлегендігі туралы мәліметтер білім беру саласындағы уәкілетті органның бірыңғай ақпараттық білім беру жүйесіне енгізіледі.

Университет Басқармасымен жеңілдік шарттары берілген тұлғалардың оқу құнына оқулықтардың, оқу құралдарының, университеттен тыс жерде кітапханалық қызмет көрсетудің, жатақханаларда және қонақ үйлерде тұрудың, қосымша білім беру қызметтерінің құны қосылмайды.

22.2. Оқуға ақы төлеу, соның ішінде шетел азаматтары үшін де, әдетте, ұлттық валютада жүргізіледі. Еркін айырбасталатын валютада төлем ақшасыз нысанда жүргізіледі.

22.3. Студент-магистранттарды оқыту тиісті шарт бойынша кәсіпорындармен, ұйымдармен, мекемелермен және жеке тұлғалармен қаржыландырылуы (демеуі) мүмкін.

22.4. Университет қосымша ақылы білім беру қызметтерін: білім беру бағдарламаларының мазмұнынан тыс курстар мен бағдарламаларды оқыту, басқа шет тілдерін қарқынды оқыту, тағылымдамадан өту, оның ішінде университет, білім алушы және/немесе демеуші арасында жасалған келісім-шарт негізінде шетелдік, жеке бағдарламалар мен баспа құралдары және Университет, білім алушы не/немесе спонсормен түзілген келісімшарт енгізінде т.б. қызметтер көрсетеді.

23. Университет пен білім алушылардың, және (немесе) олардың ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің қатынастарын реттеу және рәсімдеу

23.1. Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың қабылдау шарттарына сәйкес білім алуды ұйымдастыру мен нысанын таңдауға құқығы бар.

23.2. Білім алатын азаматтар білім алушылар болып табылады.

23.3. Ректордың бұйрығымен оқуға қабылданған тұлға Университет студенті болып табылады. Университет студентіне студенттік билет және белгіленген үлгідегі сынақ кітапшасы беріледі.

23.4. Студент университетте білім беру үдерісінің негізгі субъектісі болып табылады.

23.5. Білім алушылардың:

- Мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде ақылы оқуға және қосымша (соның ішінде ақылы) білім беру қызметтерін алуға;

- Барлық оқу сабақтарына қатысуға;

- Университеттің Ғылыми кеңесі мен тиісті факультеттің Кеңесіне сайлауға және сайлануға;

- Университет қызметінің, студенттік өмірдің маңызды мәселелерін, соның ішінде қоғамдық ұйымдар мен Университетті басқару органдары арқылы талқылауға және шешуге қатысуға;

- Университетте жұмысты жүргізу, конференцияларға, симпозиумдарға қатысу, сондай-ақ оқу үдерісінде қарастырылған іс-шараларды өткізу кезінде, үй-жайлар, ақпараттық қор, ғылыми, оқу қызметтерін; кітапханалар, медициналық және т.б. қызметтерін тегін пайдалануға;

- Өз жұмыстарын баспаға, оның ішінде университет басылымдарына ұсынуға;

ТЕКСЕРІЛДІ

- Оқу сабақтарын сапалы жүргізуді қамтамасыз етпейтін оқытушыларды ауыстыру туралы мәселе қоюға құқылы.

- Оқудан бос уақытта оқуды жұмыспен ұштастыруға.

23.6. Білім алушылар:

- Таңдаған мамандығы бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды, сондай-ақ қазіргі заманғы зерттеу әдістерін меңгеруге;

- Таңдаған мамандығының барлық пәндері бойынша оқу жоспарларымен және білім беру-кәсіби бағдарламаларымен қарастырылған тапсырмалардың барлық түрлерін белгіленген мерзімде орындауға;

- Рейтингтік жүйе және студенттердің білімін ағымдағы бақылау кестесі мен академиялық күнтізбені сақтау;

- Сабаққа кестеге сәйкес қатысуға;

- Білімді ғылым, техника және мәдениеттің заманауи жетістіктерімен өз бетімен толықтыруға;

- Ұлттық және жалпыадамзаттық, рухани-адамгершілік құндылықтарды құрметтеу, гуманистік идеяларды дарыту және мәдени мінез-құлық тәжірибесін жинақтауға;

- Университеттің және студенттік жатақханада тұрудың ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Университет Жарғысында белгіленген басқа да талаптарды сақтауға міндетті.

23.7. Өзге қаладан келген жатақханаға мұқтаж студенттерге жатақхана беріледі.

23.8. Оқудағы жетістіктері және ғылыми-зерттеу жұмыстарында, көркемөнерпаздық және спорттық шараларда белсене қатысқаны үшін Университет студенттеріне әртүрлі моральдық және материалдық марапаттау түрлері белгіленеді.

23.9. Университет Жарғысымен көзделген жағдайларда Білім алушыларға Университеттен шығарылуына дейін тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

Оқудан шығару тәртібі Университеттің Жарғысымен және ішкі ережелерімен айқындалады.

23.10. Университетте білім алушылар қатарына қайта қабылдау және сол деңгейдегі басқа білім беру мекемесінен (немесе бір мамандықтан басқасына) ауыстыру Университетте бекітілген Ережелерге сәйкес Ректордың бұйрығы бойынша жүзеге асырылады.

23.11. Университеттің түлектерін жұмысқа орналастыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы Еңбек және жұмыспен қамту саласындағы нормативтік актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

23.12. Келісімшарт негізінде Университет дайындаған түлектер сол келісімшартқа сәйкес жұмысқа жіберіледі.

23.13. Университет студенттерді жұмыспен қамту саласындағы жағдай туралы хабардар етуге, ұйымдармен еңбек шарттарын (келісімшарттарды) жасасуға жәрдемдесуге міндеттенеді.

23.14. Университет түлектері келесі деңгейдегі білім беру ұйымдарына түсу кезінде және жұмысқа орналасу кезінде тең құқықтарға ие.

23.15. Білім алушыларды оқу процесінен алаңдауға жол берілмейді.

23.16. Университетте оқу-тәрбие процессі білім алушылардың денсаулық жағдайын ескере отырып жүзеге асырылады. Университет аурудың алдын алу,

ТЕКСЕРІЛДІ

денсаулықты нығайту, дене бітімін жетілдіру, салауатты өмір салтын ынталандыру және профилактикалық медициналық қызмет көрсету бойынша қажетті шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді.

23.17. Педагог қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жыл сайынғы медициналық тексеруден өтуге міндетті.

23.18. Университеттегі сабақ кестесінде білім алушылардың тамақтануы мен белсенді тынығуы үшін ұзақтықты жеткілікті үзіліс жасалуы көздеуіне тиіс.

23.19. Университет студенттердің тамақтануын Университетте ұйымдастыра алады. Санитарлық нормалардың сақталуын бақылау тиісті органдармен жүзеге асырылады.

23.20. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері:

- Баланың тілегін, жеке бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, білім беру ұйымдарын таңдауға;

- Балалардың оқу жағдайы мен мінез-құлқына, үлгеріміне қатысты университеттен ақпарат алуға құқылы және Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында көрсетілген басқа да құқықтарға ие.

23.21. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер міндетті:

- Балаларға өмір сүру мен оқу үшін салауатты және қауіпсіз жағдай жасау, олардың зияткерлік және дене күшін дамытуды, адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз етуге;

- білім беру ұйымының жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;

- білім беру ұйымы жұмыскерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

- білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті киім формасына қойылатын талаптарды орындауға;

- білім беру ұйымында белгіленген киім формасын сақтауға;

- Университетпен ынтымақтастық орнатуға;

- балалардың оқу орнына баруын қамтамасыз етуге міндетті.

24. Кадрлар мен мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау

24.1. Университет даярлау бағыттарының жіктеуіші бойынша мамандарды қайта даярлауды жүзеге асырады, ол белгіленген тәртіппен өзгертілуі мүмкін.


24.2. Ғылыми-педагог кадрлар мен мамандарды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру кадрлар мен мамандардың біліктілігін арттыру институтымен жүзеге асырылады. Институттың жүзеге асырылатын барлық білім беру бағдарламалары кәсіби кадрларды олардың пәндік аймағында шеберлігін арттыруға бағытталады.

24.3. Кадрлар мен мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау мемлекеттік заказ, сонымен қатар жеке және заңды тұлғалармен келісімшарттар негізінде де жүргізіледі.

24.4. Кадрлар мен мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау қызметінің бағасы Директорлар кеңесімен айқындалады.

4 ТАРАУ. СОҢҒЫ ЕРЕЖЕЛЕР

25. Қоғамдық ұйымдар



25.1. Университетте студенттердің, оқытушылар мен қызметкерлердің дербес қоғамдық ұйымдары мен кеңестері, түлектер қауымдастығы құрылуы мүмкін. Университет оларға өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға жәрдемдеседі.

25.2. Университетте саяси партиялар мен діни ұйымдардың (бірлестіктердің) ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне жол берілмейді.

25.3. Университет саяси партиялар мен діни ұйымдардың, бірлестіктердің отырыстары мен жиналыстарын өткізу үшін өз үй-жайларын беруге құқығы жоқ.

25.4. Университеттің профессор-оқытушы құрамына білім беру процесін, саяси үгіт-насихат, діни насихат мақсатында немесе білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға тыйым салынады.

25.5. Университеттің қоғамдық ұйымдарының қызметін жүзеге асыру Университет Басқарма төрағасы бекіткен осындай ұйымдардың жарғылары негізінде жүзеге асырылады.

26. Университеттің есебі және есептілігі

26.1. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына, Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалған есептілік саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

26.2. Қоғам шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жыл сайын жариялауға міндетті.

Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада жария етіледі, сондай-ақ Заңда және «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының заңында белгіленген талаптарға сәйкес акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізіледі. Нәтижесінде қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс.

26.3. Директорлар кеңесі жылдық қаржылық есептілікті акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өтетін күнге дейін кемінде отыз күн бұрын алдын ала бекітуге тиіс. Қоғамның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жүргізіледі.

26.4. Директорлар кеңесі жылдық қаржылық есептілікті акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өтетін күнге дейін кемінде отыз күн бұрын алдын ала бекітуге тиіс. Қоғамның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жүргізіледі.

26.5. Қоғам жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізуге міндетті. Қоғамның аудиті Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша Қоғамның есебінен не ірі акционердің талабы бойынша оның есебінен жүргізілуі

ТЕКСЕРІЛДІ

мүмкін, бұл ретте ірі акционер аудиторлық ұйымды дербес айқындауға құқылы. Ірі акционердің талабы бойынша аудит жүргізілген жағдайда қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) ұсынуға міндетті.

Егер Қоғамның атқарушы органы Қоғамға аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

26.6. Қоғамның статистикалық есебі мен есептілігі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

26.7. Басқарма Төрағасы жыл сайын белгіленген мерзімде Директорлар кеңесіне Қоғамның бес жылға арналған Даму жоспарын ұсынады, бұл ретте бірінші жоспарлы кезең толық жазылған (өрістетілген) түрде, қалған жылдар біріктірілген (жиынтық) түрде жылдар бойынша бөле отырып ұсынылады.

26.8. Қоғам қызметінің мақсаттары мен нәтижелерінің көрсеткіші Акционерлердің жалпы жиналысының бекітілген стратегиялық жоспары негізінде әзірленеді және бекітіледі.

26.9. Қазақстан Республикасының заңнамасында қоғамның қаржылық есептілігін жариялау тәртібі мен нысандарына қойылатын қосымша талаптар көзделуі мүмкін.

27. Қоғамның ақпаратты жария етуі

27.1. Қоғам «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және уәкілетті органың нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында жария етуге міндетті.

27.2. Қоғамның қызметі туралы ақпарат қаржылық есептілік депозитарийінің Интернет-ресурсына қосымша баспа: "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" басылымдарында да жариялануы мүмкін.

27.3. Қоғамның қызметіне қатысты құжаттары Қоғамның орналасқан жері бойынша оның қызметінің бүкіл мерзімі ішінде сақталуға тиіс.

28. Қоғамның акционерлері мен лауазымды адамдарының олардың үлестес тұлғалары туралы ақпарат беру тәртібі

28.1. Қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.


28.2. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе Орталық депозитарий (тек уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ірі акционерлер болып табылатын тұлғаларға қатысты) ұсынатын мәліметтер негізінде жүргізуге міндетті.

28.3. Қоғамның акционерлері мен лауазымды адамдары серіктестік пайда болған және / немесе өзгерген күннен бастап жеті күн ішінде қоғамға бұл туралы ақпарат беруге міндетті.

28.4. Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар өз үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді үлестес пайда болған күннен бастап жеті күн ішінде қоғамға ұсынуға міндетті.

29. Университеттің еңбек ұжымы

29.1. Университеттің жұмыс істеу режимы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.



29.2. Университет еңбек шарттары (жалдау туралы келісім-шарттар) негізінде қызметкерлерді жұмысқа қабылдауға құқылы.

29.3. Университет қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген барлық әлеуметтік-экономикалық құқықтарды беруге кепілдік береді.

29.4. Әрбір қызметкердің еңбек табыстары жұмыстың соңғы нәтижелерін ескере отырып, оның жеке еңбек салымымен айқындалады, ең жоғары мөлшермен шектелмейді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық салынады.

29.5. Университет еңбек ақы төлеу нысандары мен жүйесін дербес белгілейді.

29.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сай Университет жұмыскерлері әлеуметтік және медициналық сақтандыру мен әлеуметтік қамсыздандыруға жатады.

29.7. Университет барлық жұмыс істеушілер үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті, олардың денсаулығы мен еңбекке қабілеттілігіне келтірілген залал үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

30. Қоғамның филиалдары (өкілдіктері)

30.1. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен Қоғам заңды тұлғалар болып табылмайтын филиалдар (өкілдіктер) құруға және олар туралы ереженің негізінде Қоғамның атынан және оның атынан әрекет етуге құқылы.

30.2. Қоғам филиалдарға (өкілдіктерге) өзінің мүлкі есебінен, филиалдың жеке балансында және тұтасымен Қоғамның бухгалтерлік балансында есептелетін, негізгі және айналымдағы активтерді бөліп береді.

30.3. Филиалдардың (өкілдіктің) қызметін басқаруды Басқарма төрағасы тағайындаған тұлғалар жүзеге асырады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Қоғам берген сенімхат негізінде әрекет етеді.

30.4. Филиалдардың (өкілдіктердің) құрылымын, штат кестесін және штат кестесін Басқарма төрағасы бекітеді.

30.5. Филиал қызметкерімен Қоғам атынан еңбек шартын филиал директоры қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жасайды.

30.6. Филиалдардың қызметкерлері Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен аттестаттаудан өтеді.

31. Қоғам қызметінің тоқтатылу талаптары

31.1. Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы мүмкін.

31.2. Қоғамды қайта құру және тарату тәртібі Заңнамамен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

31.3. Қайта ұйымдастырылатын Қоғамның мүлкітік құқықтары мен міндеттері жаңадан құрылған заңды тұлғаға өтеді: бірігу, қосылу және қайта құру кезінде - беру актісіне сәйкес, бөлінген және бөлінген жағдайда - бөлу балансына сәйкес.

Өткізу актісі мен бөлу балансында қайта ұйымдастырылған Қоғамның оның барлық кредиторлары мен дебиторларына қатысты барлық міндеттемелерінің,

ТЕКСЕРІЛДІ

соның ішінде тараптар дауласқан міндеттемелердің құқықтық мирасқорлығы туралы ережелер болуға тиіс.

31.4. Қоғам таратылған кезде оның мүлкін тарату комиссиясы заңнамада белгіленген тәртіппен таратады.

31.5. Акционерлердің жалпы жиналысы таратылатын Қоғамның білімалушыларының басқа білім беру ұйымдарындағы оқу жылын аяқтауы бойынша шаралар қабылдауға міндетті.

31.6. Қоғам таратылған кезде кредиторлармен есеп айырысудан кейін қалған мүлік Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімінде көрсетілген тұлғаға берілуі керек.

32. Қорытынды ережелер

32.1. Акционерлер мен Қоғам арасындағы барлық қатынастар осы Жарғымен, Қоғамның ішкі тәртіп құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

32.2. Акционер, Директорлар кеңесі мүшелері және атқарушы орган арасындағы Қоғам қызметіне байланысты келіспеушіліктер, егер оларды шешу мүмкін болмаса, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

32.3. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген күнінен бастап күшіне енеді. Қоғамның жарғысына өзгертулер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен енгізіледі.

32.4. Егер осы Жарғының ережелерінің кез келгені жарамсыз болса, бұл Жарғының басқа ережелеріне әсер етпейді.

32.5. Осы Жарғыда көзделмеген барлық басқа жағдайларда, Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерінің ережелерін басшылыққа алады.

Қоғамның жалғыз акционері



Оналбайұлы Серік

Оналбайұлы Серік

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы қорғаушылық емес акционерлік қоғамының Шымкент қаласы бойынша филиалының Әл-Фараби аудандық тірлеу және жер кадастры бөлімі

ТЕКСЕРІЛДІ